

Түркі журналистикасын зерттеу мәселелері

Бүгінгі адамдардың ойын, талғамын, әдет-дағдысын бұқаралық ақпарат құралдары қалыптастырады. Алғашқы кезеңде жеке адамдарға әсер етсе, келесі сатыда оларды топтастыруға, яғни әлеуметтендіруге қауқарлы. Сол арқылы түрлі құндылықтарды қалыптастырады, ол өз кезегінде мәдениет пен дәстүрге ықпал етеді. БАҚ феноменін ерекше мұқият зерттеу қажеттігі осыдан туындайды. Бір ауыз сөз, бір ғана көрініс, бір ғана сезім күні ертең үлкен қоғамдық өзгерістерге себепкер болуы мүмкін. БАҚ-тың осындай топтастырушылық рөлі түркі әлеміне де қатысты. Қазір түркі дүниесін жақындату идеясы өзекті болып тұр, ол экономикадағы дағдарыстан кейінгі уақыттың стратегиялық бағыты болса игі.

2009 жылы Әзербайжанның Нахичеван қаласында өткен түркі тілдес мемлекет басшыларының басқосуында Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев түркі мәдениеті мен ғылымын жақындатуға қатысты көшелі ойларын ортаға салды. Барлық түркі тілді мемлекет басшылары да осы бағытты қуаттап келеді. Енді соларды жүзеге асырудың тетіктері керек.

Жаһандану үрдісі жойқын сипатқа ие болып барады, мысқалдап кірген өзгерістер батпандай дендеп жатыр. Оған қарсы тұрар күш — ұлттық даралығымызды сақтап, дәстүрімізді жалғауда екені де әмбеге аян. Империялық саясаттың ықпалынан жаңа құтылған қазақ елі жаһандану дауылына тап келді. Елдік рухымыз әлжуаз, бірлігіміз әлі де бекем емес, қоғамымыз бөлшектеніп барады. Қуатты, рухты қайдан аламыз дегенде ең алдымен ойға түркі дүниесі келеді. Тарихы бай, әлемдік өркениетке өлшеусіз үлес қосқан, дәстүрі мен мәдениеті сырт көзді таңқалдырған түркі дүниесі кезінде бөлшектеніп, тарыдай шашылып кеткен еді. Қазір тамырын бабатүркіден алатын ұрпақтарды бір шаңыраққа жинасаң, саны ширек миллиардқа толатын халық болар. 250 миллион адам — үлкен ресурс. Өттең, солар бес құрылықта шашылып жатыр, бүгінде діні де алақұла, тілі де шұбарланған. Соларды бір-біріне жақындататын бір құдірет бар, ол — тіл, қанымыз ғана емес, тіліміздің да бір бұлақтан бастау алатындығы. Қазіргі ғылым осындай біріктіруші, топтастырушы міндетті өз мойнына алуға тиісті. Зиялы қауым топтасса, еркін араласса, оған қалың көпшілік, халық та ереді.

Түркі ұрпақтары арасындағы ең көпсандысы бұл күнде Түрік республикасында тұрады. Жаңа интеграцияның да бір қайнары осы түріктер болуы заңды. Олар да осы тарихи миссиясын түсініп, көп іс атқаруда. Оның бәрін тізіп шығу да мүмкін емес. Түрксой жобасы жылдан жылға қанатын кеңге жайып келеді. «Заман» газетінің жобасының маңызы айрықша, ондаған түркі тілді елдерде шығатын газеттер жақындастырушылық миссиясын атқаруда, болашағы да жарқын. Түркияда жыл сайын түркі тілдес елдердің журналистері бас қосып жүр. Сондай жиындардың біріне қатысып қайтқан Қазақ радиосының журналисі Салтанат Смайылова эфирге гагауз әріптесінің сұхбатын берді. Сыңғырлаған түркі тілі тұла бойымды шымырлатып жіберді, еш аудармасыз түсініп, қанаттанып қалдым. Сонау Прибалтикада жатқан Қыпшақ ержүрек жауынгерлерінің жұрнағы қарайымдар ойға оралды. Олардың тілі қай күйде екен деген қызығушылық пайда болды...

Қазіргі ғылымдағы жіктеліс бойынша антропологиялық типі түркі-моңғол тобына кәрей мен жапондар да жатады. Жер шарының арғы бетіне өтіп кеткен үндістердің де түп тамыры Алтай, Байкалда деген ғылыми болжамдарды жаңа деректер дәлелді ете түсуде. Ғылыми әдебиеттерді сүзіп отырып, Түркі тамырымыздың бір орталығы Алатау, Еренқабырға, Тәңіртау, Памир таулары болса, кейінгі мекені Алтай мен Байкал деген ойға кетемін. Алтайдағы темір ұсталығымен даңқы шыққан бабатүркілер осы өнерін әлемге

таратқаны тарихи мойындалған шындық. Қасиетті таудағы демографиялық жарылыс, лек легімен жаңа қоныс іздеуі әлемді өзгертті. Алдымен, қоңсысы Қытай жауынгер бабатүркілердің тегеурінін тежеу үшін алып дуал қабырға — қорғанын тұрғызды. Содан көштің бағыты Батысты алып, Атланд мұхитынан бір-ақ шықты. Тіпті Ұлыбритания аралындағы Стоунхедж сияқты ғажайыпта да түркілердің мәңгілік қолтаңбасы бар деген болжам айтылып қалады. Ал біз білмейтін тарихтың құпиялары қаншама!

«Түркістан - екі дүние есігі ғой,

Түркістан - ертүріктің бесігі ғой.

Тамаша Түркістандай жерде туған

Түріктің тәңірі берген несібі ғой!»/1/- деп ұлы ақын Мағжан Жұмабаев жырлағандай түркілік рух дәл қазір керек-ақ!

Бірінші кезекте, түркі журналистикасын жақындату керек. «Қазақстан-Заман» сияқты бір газет қана емес, басқа да ондаған, жүздеген жобалар қатар жүзеге асуы тиісті. Қазақстан Республикасы байланыс және ақпарат министрлігі оңды-солды тарататын тендерлерге елдік жобалар ие болуы тиіс. Өткен жылы Самарқанд қаласында ғылыми іссапарда болып, сонда Түркиядан келген маманмен жолығудың сәті түсті. Ол түркі тектес елдердің телевизиясы саласында бірқатар озық ойларын білдірді. Яғни, бірлескен жобалар, бағдарлама алмасудан бастап, журналистердің тәжірибе алмасуы, ортақ телеарна құруға дейінгі сан сырлы жұмыстар бар.

Қазір телеэкранда түрік сериалдары көп көрсетіліп жүр. Олардың бәрі бірдей маман ретінде көңілімнен шыға бермейді. Дегенмен, рухы жақын, тілі ұқсас, ділі ортақ болғандықтан бізге ыстық, өнегелі тұстары басымырық. Режиссерлік шешім, операторлық шеберлік, монтаждау тәсілі, әртістік ойын тұрғысынан түрік сериалдары кімге болса да үлгі боларлық. Ал, түрік телевизиясы тек сериалдардан ғана тұрмайды ғой. Өкінішке орай, түрік жаңалықтары, деректі фильмдері, тіпті ток-шоулары бізге қызық болғанымен, көре алмаймыз. Орыс ретрансляцияларының орнын ең болмаса түрік басатын күн де туады деп сенемін. Неге олардың үздік хабарларын бізде шығармасақ!

Түрік телевизиясы да Батысқа еліктеп, үлгі алатыны байқалады. Бірақ, олардың басты ерекшелігі, пішіні, мәнері ұқсағанымен, рухы түркі. Кез келген хабарында түркі рухы асқақтап тұрады, отаншылдық сезімі басым. Сериалдарының өзі қосалқы түріктің бай табиғатын, ұлттық мақтаншылдығын көрсетіп, жағымды имидж тудырып жатқан жоқ па?

Сол сияқты түркі тектес мемлекеттердің журналистикасының әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, көрші қырғыз журналистерінің азаматтық ұстанымына таң қаламын. Елдік мәселе дегенде зиялы қауым халықты бастап шығады, бір жұдырық болып жұмылады. Журналистер қауымының ауызбіршілігі мен ұйымшылдығы да өнеге. Бір журналист жапа шексе, не қысым көрсе, басқалар да үнсіз қалмайды. Содан билік именеді. Ал, Қазақстанда, өкінішке орай, осындай ниеттестік жетіспейді. Айталық, оппозициялық журналист Ермұрат Бапи биліктен небір теперіш көрді. Ал, соған журналистер қауымы бірауызды үн қатты ма? Жоқ, көбі шеттеп, бұғып қалады. Биліктің есебі түгел, өз дегенін істеп, жуасытып, жасытып алған.

Журналистика саласындағы зерттеулер Әзербайжанда біршама дамығандығынан хабардармыз. Ресейдің ішінде татар мен башқұрт ағайындардың үні де жарқын шығып жатады. Бірақ, осы күштер шашыраңқы жатыр, олардың ғылымы әдістері мен тәсілдері, тіпті зерттеу нәтижелері де жақын болуы мүмкін. Бірақ осының бәрінен бейхабармыз.

Міне, осылар журналистика саласындағы тәжірибені ғылыми саралау мен жүйелеу қажеттігін көрсетеді. Түркі журналистикасы бай және сан қырлы, соны өнеге ететіндей, шығармашылықты шыңдауға көмек ететіндей тетіктерді табу керек. Соның бірі — журналистиканы зерттеп, оқытып жүрген мамандардың басын біріктіру. Соңғы жылдары ғылымда PhD тәжірибесі кең насихатталуда. Қазақстан үкіметі де оны қолдап, ғылымдағы жетекші Әбу Нәсір әл-Фараби атындағы Қазақ және Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеттеріне осы бағытта маман даярлауды жақсарту, шетелдік тәжірибені

меңгеруіне 2 миллион АҚШ доллары көлемінде қаражат беріп келеді. Осы мол қаражат қаншалықты тиімді және ел мүддесіне жұмсалып жүргендігі мені ойлантады. 2008 жылы Қазақ ұлттық университеті оның біразын игере де алмай, бюджетке қайтарды. Осы қаражатқа негізінен шетелдік профессорлар шақырылады. Олар келіп, болашақ PhD докторларына дәріс оқиды, зерттеу тәсілдерін үйретеді, ғылыми жұмысына жетекшілік жасайды. Менің күманым мынада, біріншіден, шын мәнінде ең үздік лекторлар келе ме? Өйткені, дарынды ғалымдар өз елінде қадірлі және жұмыс кестесі өте тығыз. Содан ортаңқол, үшінші қатардағыларына ел аралау сәті түседі. Олай дейтін, себебім, кейбіреулерінің лекциясын тыңдасаңыз, бірінші курс деңгейіндегі білімді майпаздап айтып тұрады. Яғни, біздің ғылыми ортаны білмейді, немесе, менсінбейді, жас зерттеушілерімізді топас көреді. Екіншіден, мұндай дәрістерден тіл үйренгеніміз болмаса, қажетті білім ала алмаймыз. Үшіншіден, шетелдіктер ұлттық ортадан мүлде бейхабар. Бұл дәл, нақты ғылымдар саласында кемшілік емес шығар. Ортақ формула, ортақ әдіс дегендей. Ал, гуманитарлық ғылымдарда теңгермешілік жараспайды. Айталық, тіл білімі, тарих, журналистика сияқты салаларда ортақ дүние болғанымен, түпқазық тереңде — ұлттық құндылықтарда, мәдениетте жатыр. Бізге негізінен америкалық профессорлар келіп жүр, олар біздің ұлттық діл мен болмысымызды танып-білуден гөрі өз құндылықтарын насихаттап, көзқарастарын таңады. Сондықтан да, әсіресе, гуманитарлық салада PhD докторларын даярлауда түркі тілдес мемлекеттердің ғалымдарын араластыруға, тәжірибе алмасуына жағдай жасаған жөн деп білемін. Шақырылған ғалымның біреуі батыстық болса, екеуі тамырлас елдерден болсын. Түркияның ең үздік профессорлары атажұртында дәріс оқып жатса, елідік рухқа құт болып қосылмай ма?! Төртіншіден, қаржы тиімділігіне ойланған жөн. Шетелдік профессор бір апта сабақ жүргізіп, ең кемі 7-9 мың доллар қаражатты қалтасына салып, миығынан күліп кетеді. Бұл қазақ профессорының бір жылдық жалақы қоры. Сонда әділеттілік деген қайда, өз ғалымдарымызды неге қор санаймыз?! Ұлттық намысымызды қорлайтын әрекет кімнің мүддесінен шығып отыр! Бесіншіден, Қазақстан Шығыстық ел. Ғылымда да шығыстық дәстүрлерді ескеріп, парсы, қытай, жапон мен кәрей сияқты дамыған мәдениетті назардан тыс қалдыруға болмайды.

Түркі журналистикасы саласында ғылыми ізденістерді жүйелеу өзектілігін Мәскеу мемлекеттік университеті тәжірибесі де көрсетеді. Оның журфагы жанында Франко-орыс журналистика орталығы, Еркін Орыс-Герман публицистика институты, Итало-орыс БАҚ, мәдениет пен қатысымды зерттеу орталығы/2/ сияқты ондаған ғылыми бағыттар тұрақты негізде жұмыс істеп, зерттеулермен айналысады.

Түркі әлемі ақпараттық, мәдени қарым-қатынастар тұрғысынан жиі айтылып та, жазылып та жүр. Енді сол байланыстардың дәрежесін көтеріп, ғылыми негіздеу, жүйелеу қажет деген ой айтамыз. Осы іске Сүлеймен Демирель атындағы университеттің проректоры, профессор Дандай Ысқақ та қолдау білдіріп жүр. Осы автордың «ҚАЗАҚ ЕЛІ, БІР АУЫЗ СӨЗІМ САҒАН!»/3/ атты кітабы Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығына арналады, сыншы ретінде ондағы түркілік рухты дәріптеп, ұлы ақынның өлеңдерін бүгінгі күнмен сабақтастырады.

Профессор Намазалы Омашев ЮНЕСКО-ның журналистика кафедрасын құрып, басқарып, Батысты да, Шығысты да бір кісідей-ақ зерттеді. Ғалым түркілік рухтың жалаушысы ретінде бір еңбегінде былай дейді: «белгілі реформатор Мұстафа Кемал Ататүрік Түркия мемлекетінде 1923 жылы мұсылмандық пен қазіргі өркениетті дамыта отырып: «Сен жарық дүниеге түрік болып келгенің үшін ғана бақыттысың!»-деген мақтан сезімді әрбір түрік баласының санасына сіңіре білді. Осы рухпен бірнеше ұрпақ сусындап, өсіп-өркендеді. Біздің де Елбасымыз ұлт руханиятына деген ықпалы осы үрдіспен сабақтасып, бүгінгі «ешкім еместер» қазақтығына қайта оралып, ұлт жоқшысы болатынына сенім бар»/4/. Н.Омашев қазір Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы Журналистік зерттеулер институтын басқарады. Сондай-ақ, ЕҰУ жанында көне түркі сына жазуларын зерттейтін орталық, ондаған білікті мамандар бар,

бірқатар ғылыми журналдар жарық көреді. Солардың негізінде түркі журналистикасына қатысты ғылыми зерттеулерді бір жүйеге түсіріп, басқаруға болады деп ойлаймын. Алдымен, ғылыми журналдардың бірінде «Түркі журналистикасының мәселелері» деген сипатта айдар ашуға болар еді. Осы тақырыпта ғылыми конференциялар ұйымдастырылса, тіпті жеке журнал ашылса құба құп, тек пайдалы іс ретінде қолдау табады.

Журналист мамандарын даярлайтын оқу орындарында «Түркі журналистикасы» атты пәнді енгізу де күн тәртібінде тұр. Алғаш таңдау пәні ретінде ұсынып, дамыта келе міндетті сабақ дәрежесіне дейін көтеру, ғылыми әдістемесін жасау қажет. Бір жылдары ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде бірнеше тілді, соның ішінде түрік тілді журналистерді оқытатын бөлімшелер жұмыс істеді. Сол сияқты «ер түріктің бесігі» Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Йасауи атындағы Қазақ-түрік халықаралық университетінде түркі тілдес халықтардың балалары арнайы грантпен оқытылатындығын бір іссапарда өз көзіммен көрдім. Соңғы жылдары Шет тілдері мен іскерлік карьера және С. Демирель атындағы университеттерде журналистика мамандығы ашылып, білікті маман даярлау ісі қолға алынған. Ал, 2010 жылдан магистратурада «халықаралық журналистика» мамандығы жіктеуішке енгізіліп, лицензия беріле бастады. Яғни осыларда түркі журналистикасын зерттейтін мамандар даярлауға мүмкіндік ашылды. Магистрлер диплом алып шығып жатса, кейін PhD докторларын даярлайтын дәрежеге көтерілеміз. Осы жерде арнайы мемлекеттік гранттар қарастырылса, болмаса, білім қорлары демеушілік жасаса, ізденуші ғалымдар түркі тілдес мемлекеттерді аралап, БАҚ құралдарын зерттеп, ғылыми жобалар әзірлесе деген ұсыныс білдіреміз.

1994 жылы Қазақ ұлттық университетінде түркі тілдес ел журналистері және ғалымдарының бас қосуымен алғашқы ғылыми-теориялық конференция өткізілген болатын. 2012 жылы көктемде дәстүрлі Алматы Медиафорумы аясында бауырлас ел журналистері мен ғалымдарының басын қосып, келелі істерді талқылап, бірге белгілеуге болар еді. Сол жылғы ақпанда белгілі журналистиканы зерттеуші, түркі дүниесі туралы тың еңбектер жазған профессор Марат Барманқұловқа да 75 жыл толады. Міне, осы істерді ұйымдастыратын күш, алқалы топ құру қолға алынса деген ниет білдіреміз.

Әдетте журналисті **көшбасшы** деп қабылдайды. Жаңа ойдың басында сөз зергерлері тұратыны рас, ұлттық мүдде, елдік рухтың «күзетші иті» де журналист. Ендеше түркі журналистикасын біріктірсек, өнер мен ғылымның басқа салалары да жақындаса түсетіні ақиқат. Қаламгер қауымнан «бір жағадан бас» шығарған ізденісті еңбек күтеміз! Ойымыз бір арнаға бұрылса, саусағымыз да илігіп, рухы түркілік зерлі кесте шығатынына кәміл сенеміз.

Әдебиеттер:

1. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы, «Жазушы» баспасы, 1989, 19-б.
2. www.journ.msu.ru
3. Ысқақұлы Д. «Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған». – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2004. -148 бет.
4. Омашев Н. Ақпарат әлемі. 1-том. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы», 2006. 214-б.

Резюме

В статье рассматриваются проблемы развития журналистики и журналистского образования в целях содействия интеграцию тюркоязычных стран. Автор выдвигает ряд предложений: наладить творческие связи между учеными; организовать вторую международную научную конференцию, обучение магистрантов по вновь открытой специальности «международная журналистика» и PhD докторантов; на журфаках ввести курс «Журналистика тюркоязычных стран» и другие.

Resume

In this article considered problems of journalism and journalitic education for the purpose of assistance integration of turkic countries. Author comes up with row of proposals: arrange creative relationship between scientists, to organize second scientific international conference, to teach undergraduates and Phd degrees, with new department of “international journalism” to include at journalistic faculties, subject like “journalism of turkic countries. And e.t.c.

Özet

Bu makalede türk ülkelerinin entegrasyonunu kolaylaştırmak amacıyla, gazeteciliğin ve gazetecilik eğitiminin gelişmesi amacıyla düşünülmektedir.

Yazar bir süre önermeleri öneriyor: alimler arasında yaratıcılık ilişki kurmak; ikinci uluslararası bilimsel konferans düzenlendirmek; mezunları ve Phd doktoraları “uluslararası gazetecilik” bölümü boyunca eğitim vermek, ve gazetecilik fakültlerde “türk ülkelerinin gazeteciliği” dersini vermek ve diğer sorunlar düşünülmektedir.

Халықтың тіліне қиянат жасау – оның жүрегін жаралау.

Г.Лаубе